

**№ 3 Қамқоршылық кеңес отырысының
хаттамасы**

Шахтинск қ.

2023ж.23.05.
сағат 16:30

Қатысқандар: директор, әдіскер, мектепке дейінгі ұйымның Қамқоршылық кеңесінің мүшелері - 7 адам.

Қатыспағандар: ҚК 2 мүшесі

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Жазғы сауықтыру кезеңін ұйымдастыру
2. Әр түрлі

Тыңдағандар: Қарағанды облысы білім басқармасының Шахтинск қаласы білім бөлімінің "Қарлығаш" бөбекжайы" КМҚК директоры С.Г.Грачеваны тыңдады, ол Қамқоршылық кеңес мүшелерін жазғы сауықтыру кезеңінің жоспарымен таныстырды. Сондай-ақ, ата-аналарды топтардың жаңа оқу жылына көшуі және аралас үлгідегі түзету тобының ашылуы туралы ақпаратпен таныстырды.

С.Г.Грачева мектепке дейінгі ұйым жөндеу жұмыстарына 2023 жылғы 5 маусымнан 10 шілдеге дейін жабылатынын, мектепке дейінгі ұйымның жөндеу жұмыстары кезінде басқа балабақшаларға ауыстырылатын балалардың тізімдері жасалғанын хабарлады. Мектепке дейінгі ұйымда жертөледе суық су құбырларын ауыстыру бойынша жөндеу жүргізіледі.

Ата-аналарға жазғы кезеңдегі мектепке дейінгі топтардың жұмысы туралы айтып, жазғы сауықтыру кезеңінің іс-шаралар жоспарымен таныстырды.

Мектепке дейінгі топтардың балаларын вакцинациялау мәселесіне ерекше назар аударды.

Талқылау барысында тапсырылды:

1. В.В.Бессмертнаға

Мектепке дейінгі ұйымның қайырымдылық акцияларына және жазғы іс-шараларына ата-аналардың белсенді қатысуы жөніндегі топтарда Қамқоршылық кеңес мүшелерімен жұмысты ұйымдастыру.

Мерзімі: 2023 жылғы маусым-тамыз.

2. Қамқоршылық кеңес мүшелеріне

Мектепке дейінгі ұйым үшін қайырымдылық қаражат жинау және жазғы іс-шараларға қатысу топтарында үгіт-насихат жұмыстарын ұйымдастыру.

Мерзімі: 2023 жыл маусым-тамыз

ҚК төрайымы

Хатшы



В.В.Бессмертная

О.В.Удалова